| 34. | Төлеутай Шахида | Жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі «Қазақстан тарихы пәнінен» | 2 орын | аудандық | Қинаят М.Б |
| 35. | Айтмағамбет Дастан | «Менің кіші Отанымның болашағы» | 2 орын | аудандық | Қинаят М.Б |
| 37. | Елубай Мерей | Жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық олимпиада | 3 орын | аудандық | А.А.Кульсаметова |
| 38. | Сапар Аружан | Жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық олимпиада | 3 орын | аудандық | А.А.Кульсаметова |
| 39. | Қасым Айжанар<br>5-сынып | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада, математика пәні бойынша | 2-дәрежелі диплом | Аудандық | Ахметова Б.Т. |
| 40 | Сапар Нұрхан | Робототехника және бағдарламалау бойынша халықаралық фестиваль | I орын | облыстық | Н.Ш.Салихов |

## III БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІНІҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

**Білім алушылардың контингентінің сандық құрамы:**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында

| № | Контингенттің құрылымы | Бастауыш мектеп | | Негізгі орта мектеп | | жалпы орта мектеп | | Мектеп бойынша барлық контингент | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны | Жалпы сынып саны | Оқушылар саны |
| 1 | Жалпы білім беретін сыныптар | 4 | 29 | 5 | 57 | 2 | 18 | 11 | 104 |

| Оқу жылы | 2021/2022<br>Оқу жылы | 2022/2023<br>Оқу жылы | 2023/2024<br>Оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Оқушылар контингенті | 116 | 108 | 104 |

2021-2022 оқу жылында оқу жылының басында 115 бала болса, оқу жылын 116 оқушы аяқтады;
2022-2023 оқу жылында оқу жылының басында 107 бала болса, оқу жылын 108 оқушы аяқтады.;
2023-2024 оқу жылында оқу жылының басында 100 бала болса, оқу жылын 104 оқушы аяқтады.

**Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер**

| Оқыту кезеңдері | 2021/2022 оқу жылы | | | 2022/2023 оқу жылы | | | 2023/2024 оқу жылы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | | | саны | | | | | |
| | оқушылар | сынып | Орташа толымдылық | оқушылар | сынып | Орташа толымдылық | оқушылар | сынып | Орташа толымдылық |
| Бастауыш мектеп | 38 | 4 | 9 | 35 | 4 | 9 | 29 | 4 | 7 |
| Негізгі орта мектеп | 59 | 5 | 11 | 52 | 5 | 10 | 57 | 5 | 10 |
| жалпы орта мектеп | 19 | 2 | 10 | 21 | 2 | 10 | 18 | 2 | 9 |
| **Мектеп бойынша барлығы** | **116** | **11** | | **108** | **11** | | **104** | **11** | |

2021-2022/2022-2023/2023-2024 оқу жылдары:

| | Жобалық қуаттылығы | 2021-2022о.ж. | 2022-2023 о.ж. | 2023 –2024 о.ж. | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
| Оқушылар саны | | **116** | **108** | **104** | **4** | **2** | **2** |
| 1-4 сыныптар | | 38 | 35 | 29 | 1 | 1 | 1 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5-9 сыныптар | | 59 | 52 | 57 | 3 | 1 | 1 |
| 10-11 сыныптар | | 19 | 21 | 18 | 0 | 0 | 0 |

**1) <u>Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер</u>**
**2021-2022 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

| **Сынып** | **Сынып саны** | **01.09.2021** | **I тоқ.** | **II тоқ.** | **III тоқ.** | **IY тоқ.** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** |
| 1-4 сынып | 4 | 39 | 37 | 37 | 38 | 38 |
| 5-9сынып | 5 | 57 | 59 | 59 | 59 | 59 |
| 10-11сынып | 2 | 19 | 19 | 19 | 19 | 19 |
| **Барлығы** | **11** | **115** | **115** | **115** | **116** | **116** |

Мектеп 2021-2022 оқу жылын 115 оқушымен бастап, 116 оқушымен аяқтады.

**2022-2023 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

| **Сынып** | **Сынып саны** | **01.09.2022** | **Iтоқ.** | **IIтоқ.** | **IIIтоқ.** | **IYтоқ.** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** |
| 1-4сынып | 4 | 35 | 33 | 33 | 33 | 35 |
| 5-9сынып | 5 | 53 | 51 | 50 | 51 | 52 |
| 10-11сынып | 2 | 19 | 19 | 19 | 20 | 21 |
| **Барлығы** | **11** | **107** | **103** | **102** | **104** | **108** |

Мектеп 2022-2023 оқу жылын 107 оқушымен бастап, 108 оқушымен аяқтады.

**2023-2024 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

| **Сынып** | **Сынып саны** | **01.09.2023** | **Iтоқ.** | **IIтоқ.** | **IIIтоқ.** | **IYтоқ.** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** | **саны** |
| 1-4 сынып | 4 | 27 | 27 | 28 | 27 | 29 |
| 5-9 сынып | 5 | 55 | 58 | 59 | 59 | 57 |
| 10-11 сынып | 2 | 18 | 18 | 18 | 18 | 18 |
| Барлығы | **11** | **100** | **103** | **105** | **104** | **104** |

Мектеп 2023-2024 оқу жылын 100 оқушымен бастап, III тоқсанды 104 оқушымен аяқтады. Оқушыларды мектепке қабылдау «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білімберу ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына /өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы/ негізінде іске асырылды. Мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10-11сыныптарға

қабылдады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) жүзеге асырылды.

## IV БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:**

**4.1. Талапқа сай оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестесінің болуы. Оқу пәндерінің базалық мазмұнының игерілуі.**

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкестігі:

Мектеп оқу процесі Баянауыл ауданы білім беру бөлімімен келісілген, мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасайды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкес жасалды.

Оқушылардың шекті оқу жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес.

**2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылында «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (2020 жылғы 05 мамырдағы № 182 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде құрылды.

**Оқу процесі келесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілді:**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 1-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 6-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары /жаратылыстану-математикалық бағыт/ (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 31-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 10-сынып;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары /жаратылыстану-математикалық бағыт төмендетілген оқу жүктемесімен/

(2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығын) 11-сынып.

Сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарларының инварианттық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемін сақтай отырып, қамқоршылық кеңеспен келісіліп бекітілді:

1-сыныпта 22,5 сағат, 2-сыныпта 23 сағат, 3 пен 4-сыныптарда 26 сағат. Негізі орта білім беруде 5, 6-сыныптарда 29 сағат, 7-сыныпта 32 сағат, 8-сыныпта 33 сағат және 9-сыныпта 34 сағат. Жалпы орта білім беруде 10-сыныпта 33 сағат, 11-сыныпта 27 сағат.

Қазақстан Республикасы Білім жане ғылым министрлігініц 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығына сәйкес 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрады.

2021-2022 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде мектеп басшысының бұйрығымен мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылып, сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді және сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылды.

Сонымен қатар ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 6 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес қысқы каникул мерзімінің 16 қаңтарға дейін ұзартылуына байланысты ҚР БҒМ-нің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 қаңтардағы 18-2/63 телефонхатына сәйкес мектеп басшысының бұйрығымен ІІІ тоқсанның оныншы оқу аптасының бағдарламалық материалдары IV тоқсанның бірінші аптасына кіріктірілді.

**2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде құрылды.

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

✓ 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты (Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2022ж);

**Оқу процесі келесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілді:**

✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары), жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 №394 бұйрығының 3-қосымшасына;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 карашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы

№ 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары /жаратылыстану-математикалық бағыт/ (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 86-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарларының инварианттық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемін сақтай отырып, қамқоршылық кеңеспен келісіліп бекітілді:

1-сыныпта 18,5 сағат, 2-сыныпта 23 сағат, 3 пен 4-сыныптарда 25 сағат. Негізі орта білім беруде 5, 6-сыныптарда 28 сағат, 7-сыныпта 31 сағат, 8-сыныпта 32 сағат және 9-сыныпта 33 сағат. Жалпы орта білім беруде 10, 11-сыныптарда 32 сағаттан.

ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 11-сыныпта инварианттағы информатика, ағылшын, орыс тілінен басқа барлық пәндер педкеңес қаулысымен сыныптың толымдылығы 11 оқушы болуына орай 2 топқа бөліп оқытылды.

Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылының басында негізгі орта мектеп курсы бойынша 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің МЖМС негізінде топқа бөлінбеді. 2022 жылдың қазан айынан №348-бұйрыққа ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығының 43-тармақшасымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні ұл/қызға, яғни екі топқа бөлініп, оқу жоспары қайта бекітілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігініц 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығына сәйкес 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 36 оқу аптасын құрады.

2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде мектеп басшысының бұйрығымен мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылып, сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді және сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылды.

**2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 оқу жылында «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);

✓ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары), жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 №394 бұйрығының 3-қосымшасына;

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары /жаратылыстану-математикалық бағыт/ (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 39-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы;
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы;
- ✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2023ж).

Сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарларының инварианттық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемін сақтай отырып, қамқоршылық кеңеспен келісіліп бекітілді:

1-сыныпта 18,5 сағат, 2-сыныпта 22 сағат, 3 пен 4-сыныптарда 25 сағат. Негізі орта білім беруде 5, 6-сыныптарда 28 сағат, 7-сыныпта 31 сағат, 8-сыныпта 32 сағат және 9-сыныпта 33 сағат. Жалпы орта білім беруде 10-11-сыныптарда 32 сағаттан.

ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 11-

сыныпта инварианттағы информатика, ағылшын, орыс тілінен басқа барлық пәндер педкеңес қаулысымен сыныптың толымдылығы 10 оқушы болуына орай 2 топқа бөліп оқытылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №3935 бұйрығына сәйкес 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрады.

2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты негізінде мектеп басшысының бұйрығымен мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылып, сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді және сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылды.

**4.2. Тәрбие жұмысын іске асыру**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты мектеп оқушыларының бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру. «Құндылықтарға бағытталған білім» жобасы, яғни адами құндылықтарға бағытталған білім . Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін патриоттық, толеранттылық, Отанды қорғауға әзірлік сезімін тәрбиелеу және азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттері қойылды; «Жасұлан» балалар-жасөспірімдер қозғалысына қабылданған мектеп оқушыларының үлесін арттыру; құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін жағдай жасау; салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлықтың, алкоголизм мен темекі шегудің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу; қылмыс пен діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу; әлеуметтік маңызы бар, шығармашылық және еңбек қызметі үшін жағдай жасау; қосымша білім беру ұйымдарымен және спорт секцияларымен өзара әрекеттесу арқылы оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізумен қамтуды арттыру; оқушылардың бірлескен ұйымдарының жұмысын жүзеге асыру үшін жағдай жасау; ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын арттыру үшін жағдай жасау көзделді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқу-тәрбие жұмыстары сегіз бағыт бойынша жүргізіліп, отырыстар, педагогикалық кеңестер, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сыныптың әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде құрылған әдістері таңдалды.Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты оқушылармен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасалды, үйірмелер, спорт секциялары, жобалық іс-шаралар жұмыс істеді.

Жыл сайын мектебімізде дәстүрлі түрде өткізілетін мерекелер:

«1 қыркүйек білім күні»

«Спорт апталығы» денсаулық фестивалімен аяқталды.

«Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің он күндігі»

«Мұғалімдер күні»

«Қарттар күні»

«Рухани келісім күні»

«Қамқоршылар күні»

«СПИД күні»

«Республика күні»

«Тәуелсіздік күні»

«Жаңа жылдық ертеңгіліктер», «Жаңа жылдық бал»

«Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылған күні»

«Төтенше жағдайлардан қорғау үшін балалар күні» (өмір қауіпсіздігі негіздеріне негізделген)
«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні»
«Наурыз»
«Құстар күні»
Жол-көлік жарақаттары мен қылмыстың алдын алу айлықтары
«Қазақстан Республикасы халқының бірлігі күні»
«Отан қорғаушылар күні»
«Жеңіс күні»
«Үздік оқушылар шеруі»
«Отбасы күні»
«Соңғы қоңырау»
Мектептің барлық оқушылары дәстүрлі мектеп іс-шараларына қатысады, бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділігінің дәрежесі әртүрлі болды. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымдастыра білу, балаларды ынталандыру, әр баланы іс-әрекетке баулу қабілетіне тікелей байланысты.

Мектебімізде жаңа 2023-2024 оқу жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлттық құндылықтарға кіріктірілген негізгі үш бағыт: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Мектебіміздегі тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білімберу мазмұны арқылы жүзеге асады.

Мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру келесі талаптар қойылу арқылы жүзеге асырылуда:

1) пәндік мазмұн шеңберінде: − әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

− бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

− пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде ұйымдастырылатын іс-шаралардың тәрбиелік мәніне назар аудару және оның мазмұны арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

2) сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

− ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнында ескеру;

− сынып сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабақ кестесіне енгізулі және жүйелі түрде өткізіледі.

Ұлттық мүдде құндылығын оқушыларға дәріптеу мақсатында бірінші жартыжылдықта «Алаш айлығы», «Тілдер мерекесі», «Мейірім» аналар мектебі жобасы аясында аналардан оқушыларға арналған ұлттық тағамдар, бұйымдар жасауды үйрету мақсатында мастер класстар, «өнегелі өмір» жобасы аясында Алаш қайраткерлерінің өмірлерін зерттеуші тұлғалармен кездесулер, ұлттық валюта күніне арналған іс-шаралар,Ұлттық рух-Тәуелсіздік тірегі тақырыбындағы тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралар, ұлтық ойындардан челленждер және күзгі, қысқы демалыс уақыттарындағы оқушылар арасында патриоттық сезімді нығайту үшін дебаттық ойындар жүргізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cxxt-z0tBIQ/?igsh=MWxyNXA3dHBiZjNoMw==
https://www.instagram.com/reel/Cx0FHxWtguO/?igsh=MWtzeWpoc2lqMWZw
https://www.instagram.com/reel/CyxFCY8NLgT/?igsh=eHk0bTR5eThwMHdq
https://www.instagram.com/reel/Cy-ht1XtHh2/?igsh=Nzg0ZWMyeDY2YXRr
https://www.instagram.com/reel/Cy478ButjXc/?igsh=MXhtbmhuc2w0bG9hYw==
https://www.instagram.com/reel/CzYNVPZtcJ1/?igsh=MXd1dHV6MWFvMjRuZg==
https://www.instagram.com/reel/CznyS_KN6D4/?igsh=amo2ejAyd3VuaWR3
https://www.instagram.com/reel/CzwCPFSt2w1/?igsh=MWRuMDMzcGw3MGMzZA==
https://www.instagram.com/reel/C2jdpd7NwGh/?igsh=MWs3dTFuZW92cjEy
https://www.instagram.com/reel/C4fljnmNGcd/?igsh=MW8xdWt3NmsxcDRnaQ==

Ар-ұят құндылығын дәріптеу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ», «Адал ұрпақ» жобалары аясында адалдық сағаттары, дебат ойындары, сурет көрмелері, мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен оқушылар арасында сауалнамалар мен жадынамалар тарату акциялары, құқықтық тәрбие беруге бағытталған ПБ қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қайырымдылық акциялары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cx7CXzYtQ-9/?igsh=M2p2c3IxMmpsZGVu
https://www.instagram.com/reel/CzFpQIUNZRV/?igsh=MWtsYjMwbWZzc3p0Nw==
https://www.instagram.com/reel/CzYd90Pthmy/?igsh=MWhxY2FpbmpxNGliaQ==
https://www.instagram.com/reel/Czp-TrCN5QV/?igsh=MWdobnpxb2V0bmIzdQ==
https://www.instagram.com/p/Cz_v8jGtsba/?igsh=ZjNteTljMnlld2N2
https://www.instagram.com/reel/C39ZiT7t8wZ/?igsh=MXN5aHIwMW5zc2drcw==

Талап құндылығын дәріптеуде «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жолда жүру ережелері», «ТЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелері», «Салауатты өмір салты», «Электрондық темекілердің зияны» тақырыптарында сынып сағаттары, арнайы мамандармен кездесулер, ақпараттық іс-шаралар өткізілсе, «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Дене сергіту» челленждері, «Ұлағат» әкелер мектебінің жұмыс жоспарына сай ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар арасында спорттық жарыстар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» акциясы, балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша көркем фильм мен деректі фильмдерді көрсету өткізілді. Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында «Бес нәрсеге асық бол…» тақырыбында мақал-мәтелдер сайысы өтті.

https://www.instagram.com/reel/Cz8EaAKozVq/?igsh=azM5eWN5dDZwbmpm
https://www.instagram.com/reel/C2R0NE9N61W/?igsh=MTluZGN4ZnYwdzR5eg==
https://www.instagram.com/reel/C2hTy5MNXHD/?igsh=dzcwbXdheXRzenh6
https://www.instagram.com/reel/C2y07B1NBZq/?igsh=MWcxOWp6eGwyZjVzbA==
https://www.instagram.com/reel/C3HuL2NtNS6/?igsh=aHZoZHN1dHFtODUy
https://www.instagram.com/reel/C3U7erit6QV/?igsh=MTRzZGI1NTc2cDFpMA==
https://www.instagram.com/reel/C3z1d5gtzTz/?igsh=MTRkbGx5dmYybzF1cw==
https://www.instagram.com/reel/C3zz2M4t3Og/?igsh=MW1jYnc3cjNwcHI1OA==
https://www.instagram.com/reel/C4pbuz7N2EI/?igsh=MXFiOXdjajNwOHZ3cQ==
https://www.instagram.com/reel/C5fOJywNdXh/?igsh=cWhrdndndmp3ODZ1

«Біртұтас тәрбие» жобасының тиімділігі мектебіміз үшін ата-аналармен қарым-қатынастың нығаюына әкелді. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды ересек буынның жеткізуі арқылы өзінің нәтижелілігін көрсетіп отыр. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар арқылы ата-аналарға да мектеппен тығыз қарым қатынаста болуға жол ашып беріп отыр.

https://www.instagram.com/p/Cxxnw6ctBIm/?igsh=MTliOG83N2Q2Zmd4Yw==
https://www.instagram.com/reel/Cx7Oz9EN5Zh/?igsh=MTlxbXo2aTJxMjRpeg==
https://www.instagram.com/reel/CycgWvaNgbA/?igsh=MWo5cWtpeTE1b3ZtZA==
https://www.instagram.com/reel/CycgL4Pt0b7/?igsh=OGNtcjlsaXBucTVl
https://www.instagram.com/p/C3AJpdCNZri/?igsh=bTcyeWZmNDVtOHp3

**«Жас Ұлан», «Жас Қыран» мектеп өзін-өзі басқару жұмыстары**

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жыл сайын жоғары сынып оқушыларының кеңесі түрінде жұмыс істейді. Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмысы тәлімгер Д.Қ.Қабыкен жетекшілігімен сынып жетекшілерімен және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста өтеді.

Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет «Сыртқы келбет», «Оқушылардың сабаққа қатысуы», «Оқу құралдарының сақталуы», «Үлгілі күнделік» рейдтері өткізіледі. Үлкен үзілістер кезінде жоғары сынып оқушыларының кеңесі 1-4 сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырады.

Мектеп парламентінің кеңесіне 8-11 сынып оқушылары кіреді. Мектеп парламенті оқушыларының кеңесі «Жас Ұлан» бірыңғай республикалық жастар ұйымымен тығыз жұмыс жасайды. Парламент оқушылары мектепішілік әртүрлі іс-шараларды (мерекелер, акциялар) дайындауға және өткізуге белсенді қатысады. Сценарий әзірлеуге өз ойларын қосып отырады. Мерекеге сай мектепті безендіреді. Ай сайын жоғары сынып оқушылары кеңесінің отырыстары өткізіліп, онда ұжымдық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері талқыланып, идеялар ортаға салынып, сценарийлер әзірленеді.

2023-2024 оқу жылына негізгі сыныптан тыс жұмыстардың жұмыс жоспары жасалды. Алғашқы отырыста өзін-өзі басқару мүшелері оқу жылындағы жұмыс жоспарымен танысып, өзін-өзі басқару мүшелері арасында міндеттер бөлінді.

**Құқық бұзушылық пен қылмыстың, балалардың қараусыз қалуының алдын алу.**

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы**жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып,іс-шаралар жоспары бекітілді.Іс-шаралардың мақсаты-жоспарға сәйкес оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған акция барысында 1-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері,әлеуметтік педагог,психолог,Баянауыл ауданы ПБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен оқушыларға әр түрлі бағыттағы түсіндірме жұмыстары,іс-шаралар жүргізілді.Жыл сайын “Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ”республикалық науқанының 10 күндік жоспары бекітіліп,жоспарға сай түрлі шаралар ұйымдастырылады.Науқанның мақсаты - балаларды қорлау пен зорлық-зомбылық мәселесі, оның балаға және қоғамға тигізетін зардаптары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнама негіздері туралы қоғамның, оның ішінде ересектер мен балалардың хабардарлығын арттыру.

https://www.instagram.com/p/CcXDoXGt8a0/?igsh=NTJlZDdpNXd2ajZt
https://www.instagram.com/reel/Ci12g2ygN__/?igsh=ajdmcHRucTlpZW5m
https://www.instagram.com/p/Cj5t1RNN2BF/?igsh=a2RrdnU3azZqY3R0
https://www.instagram.com/p/Cj56IcctqwM/?igsh=ZjJlZWg0ZWZtMGlu
https://www.instagram.com/reel/ClDXoioADDQ/?igsh=MXIyY25haWo3cmxrOQ==
https://www.instagram.com/reel/ClDwGzqA1tY/?igsh=MTlwMm8wcm9waHRsNg==
https://www.instagram.com/reel/ClEKy1Cg_Aq/?igsh=aTlsd3g3cnY1dnVt
https://www.instagram.com/p/CmDcVGbINJM/?igsh=YWZlOTNrMGdwMGM0

https://www.instagram.com/p/Cx7DEFwtiS9/?igsh=cW1nbm9lMDFyYWV4
https://www.instagram.com/p/CzqAQzxtVsF/?igsh=MWZrb3ZqajFta2sxcg==

**Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:**

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды.

**Мектептің әлеуметтік паспорты**
**2021-2022 оқу жылы**

| Реті | Әлеуметтік санаттар | Саны | % |
|---|---|---|---|
| 1 | Барлық оқушылар | 116 | 100 |
| | Отбасы түрі бойынша: | | |
| 2 | Толық отбасылар | 88 | 48 |
| 3 | Толық емес отбасылар | 3 | 2 |
| 4 | Анасы жоқ балалар | 1 | 1 |
| 5 | Әкесі жоқ балалар | 4 | 2 |
| 6 | Көпбалалы отбасылар | 52 | 39 |
| 7 | Аз қамтамасыз етілген отбасылар | 11 | 7 |
| 8 | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | 1 | - |
| 9 | Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар | - | - |
| 10 | Азаматтығы жоқ білім алушылар | - | - |
| 11 | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | - | - |
| 12 | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | - | - |
| 13 | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | - | - |
| | Ата-аналарының білімі: | | 100% |
| 14 | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі | 35 | 19 |
| 15 | Техникалық және кәсіптік | 21 | 11 |
| 16 | Орта білімді | 39 | 21 |

**Мектептің әлеуметтік паспорты**
**2022-2023 оқу жылы**

| Реті | Әлеуметтік санаттар | Саны | % |
|---|---|---|---|
| 1 | Барлық оқушылар | 108 | 100 |
| | Отбасы түрі бойынша: | | |
| 2 | Толық отбасылар | 88 | 48 |
| 3 | Толық емес отбасылар | 2 | 2 |
| 4 | Анасы жоқ балалар | - | - |
| 5 | Әкесі жоқ балалар | 3 | 2 |
| 6 | Көпбалалы отбасылар | 45 | 43 |
| 7 | Аз қамтамасыз етілген отбасылар | 14 | 3 |
| 8 | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | - | - |
| 9 | Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар | 1 | 0,5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Азаматтығы жоқ білім алушылар | - | - |
| 11 | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | - | - |
| 12 | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | - | - |
| 13 | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | - | - |
| | Ата-аналарының білімі: | | |
| 14 | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі | 37 | 20 |
| 15 | Техникалық және кәсіптік | 25 | 13 |
| 16 | Орта білімді | 38 | 21 |

**Мектептің әлеуметтік паспорты**
**2023-2024 оқу жылы**

| **Реті** | **Әлеуметтік санаттар** | **Саны** | **%** |
|---|---|---|---|
| 1 | Барлық оқушылар | 104 | 100 |
| | Отбасы түрі бойынша: | | |
| 2 | Толық отбасылар | | |
| 3 | Толық емес отбасылар | 4 | 2 |
| 4 | Анасы жоқ балалар | 1 | 0,5 |
| 5 | Әкесі жоқ балалар | 3 | 1 |
| 6 | Көпбалалы отбасылар | 17/37 | 43 |
| 7 | Аз қамтамасыз етілген отбасылар | 10 | 3 |
| 8 | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | - | - |
| 9 | Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар | 1 | 0,5 |
| 10 | Азаматтығы жоқ білім алушылар | - | - |
| 11 | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | - | - |
| 12 | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | - | - |
| 13 | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | - | - |
| | Ата-аналарының білімі: | | |
| 14 | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі | 38 | 20 |
| 15 | Техникалық және кәсіптік | 25 | 13 |
| 16 | Орта білімді | 38 | 20 |

**Жалпы оқу қорынан көмек көрсету:**

1 тамызда «Мектепке жол» жыл сайынғы республикалық акциясы мектеп оқушыларының арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалы отбасылар, әлеуметтік қауіпті жағдайларға тап болған отбасындағы балаларды анықтай отырып, «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады.

**Акция мақсаты** – оқумен қамтылмаған оқушыларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының оқушыларына, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындалуына материалдық көмек көрсету және әлеуметтік жағдайы бойынша мектепке келмеудің алдын алу.

| № | **Көмек түрі** | **2021-2022 о.ж.** | **2022-2023 о.ж.** | **2023-2024 о.ж.** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Материалдық көмек | 18 оқушы | 10 оқушы | 12 оқушы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | | Оқу құралдары және киім-кешек | Оқу құралдары және киім-кешек | Оқу құралдары және киім-кешек |

**2023-2024-оқу жылында**
**«Мектепке жол»акциясы кезінде көмек көрсетілген қаражат көлемі туралы кесте**

| Мектеп атауы | Материалдық көмек алған балалардың саны | Оның ішінде (адам) | | Көрсетілген көмектің жалпы сомасы | Оның ішінде (мың т.т) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бюджет қаражаттары есебінен (саны) | Бюджеттен тыс қаражат есебінен (саны) | | Бюджет қаражаттары есебінен | Бюджеттен тыс қаражат есебінен |
| «Шадыра ЖОББМ» КММ | 6 оқушы | 66 оқушы | 3 оқушы | 3121800 тг | 66 оқушыға 3121800тг | 3 Оқушыға демеушілер тарапынан 150000 тг |

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау.**

Оқу жылының басынан бері мектепте спорт залын, спорт алаңын, спорттық құрал-жабдықтарды мектепте бұқаралық спорт жұмыстарын жүргізуге дайындау мақсатында үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді.Оқу жылында мектепте барлық спорттық іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді.Оқу жылының басынан бері мектептің медицина қызметкерлері келесі жұмыс түрлерін атқарды. Салауатты өмір салты бойынша білім деңгейін арттыру үшін денсаулық сабақтары өткізіледі.Мектепте қауіпсіз болу үшін сыныптардағы жұқпалы аурулармен ауырған оқушылардың сабақ босатуы бақылауға алынды. Жұқпалы ауру белгілері анықталған оқушылар учаскелік дәрігердің бақылауына жіберілді. Жұқпалы аурумен ауырған оқушылар тұрғылықты мекенжайы бойынша емханадан анықтама болған жағдайда сабаққа жіберілді.

https://www.instagram.com/tv/COwy6oIpUyC/?igsh=ZjZlZDB3YTgxeXJr
https://www.instagram.com/p/CUbUIQfInnm/?igsh=MXhwMTFmN3E2aXV5MA==
https://www.instagram.com/tv/Cdp06mPgxlY/?igsh=bnBibW43NDhqajE5
https://www.instagram.com/reel/Cj9cV5Xoy15/?igsh=MTJkdmozenEwaXFieQ==
https://www.instagram.com/reel/CsSml35AeSy/?igsh=MTVsYjlwZnJlb2lxcQ==
https://www.instagram.com/reel/C51UFa6tDQA/?igsh=MW8zaGlibmo0YjJqaQ==

**4.3 Сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

Үйірме жұмыстары үйлесімді дамыған тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мектебіміздің 100 % оқушысы қосымша біліммен қамтылған. Биылғы оқу жылында мектебімізде өнер бағытында 3 үйірме, сонымен қатар 9 спорт секциясы жұмыс істейді.

**«Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» КММ**
**Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру кестесі**
**2023-2024 оқу жылы**

| Апта | Уақыты | Үйірме | Сынып | Жауапты | Кабинет |
|---|---|---|---|---|---|
| Дүйсенбі | 19:00-21:00<br>09:15-10.30<br>19.00-21:00<br><br>15:30-16:40<br>16:00-17:30 | Волейбол (ұлдар)<br>Асық ойыны<br>Қазақ күресі<br><br>Тоғызқұмалақ<br>Баскетбол ұлдар | 7-11<br>1-8<br>5-11<br><br>5-10<br>5-11 | Айтжан М.О<br>Укубай Д.О<br>Қанат Ж.С<br>УкубайД.О<br>Айтжан М.О<br>Укубай Д.О | |
| Сейсенбі | 10:00-11:30<br>15:00-16:30<br>15:00-16:15<br>18:15-19.30<br>19:00-21:00 | Қазақ күресі<br>Шахмат<br>Асық ойыны<br>Волейбол (қыздар)<br>Қазақ күресі | 5-7<br>5-6<br>1-8<br>5-11<br>7-11 | Укубай Д.О<br>Қанат Ж.С<br>Укубай Д.О<br>Айтжан М.О<br>Қанат Ж.С | |
| Сәрсенбі | 15:15-16:45<br>10:00-11:30<br>15:00-16:30<br>17:00-18:30 | Шахмат<br>Шахмат<br>Баскетбол (қыздар)<br>Қазақ күресі | 7-8<br>4<br>5-11 | Қанат Ж.С<br>Қанат Ж.С<br>Айтжан М.О<br>Укубай Д.О | |
| Бейсенбі | 15-30-17:00<br>15:00-16:30<br>15:15-16:45<br>18:15-19:30 | Қазақ күресі<br>Волейбол (қыздар)<br>Шахмат<br>Волейбол (қыздар) | 5-6<br>5-6<br>9-10<br>1-7<br>7-9 | Укубай Д.О<br>Айтжан М.О<br>Қанат Ж.С<br>Айтжан М.О | |
| Жұма | 15:00-16:15<br>19:00-21:00 | Тоғызқұмалақ<br>Қазақ күресі | 5-7<br>7-11 | Айтжан М.О<br>Қанат Ж.С | |

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етіп, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасайды.

### 4.4. Бейінді оқытуды іске асыру

**2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылында 11-сыныпта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (/жаратылыстану-математикалық бағыт төмендетілген оқу жүктемесімен/ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы) негізінде ұйымдастырылды.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес тереңдетілген деңгейдегі 4 пәннен /физика, химия, биология, география/ білім алушылар 2 пәнге, биология мен физика пәндеріне таңдау жасады. Аталған пәндерге аптасына 3 сағаттан берілді. Стандартты деңгейдегі 4 пәннен /дүниежүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, графика және жобалау, құқық негіздері/ 1 пәнге, кәсіпкерлік және бизнес негіздеріне таңдау жасап, аптасына 2 сағаттан берілді.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында бейінді оқыту бойынша тереңдетілген деңгей болмады.

### 4.5. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылында ата-ана өтініші, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, ПМПК қорытындысымен ұсынымдары негізінде 2021-2022 оқу жылында 3 оқушыға, 2022-2023 оқу жылы 1 оқушыға, 2023-2024 оқу жылында 1 оқушыға үйден оқыту ұйымдастырылды.

2020-2024 оқу жылдарында 1 оқушы инклюзивті білім беру аясында жалпы сыныпта жалпы орта білім беру оқу бағдарламасымен оқытылуда.

**Үйде тегін жеке оқытуда білім алушылардың саны**

| Білім алушылар саны | | |
|---|---|---|
| **2021-2022 оқу жылы (3 оқушы)** | **2022-2023 оқу жылы (1 оқушы)** | **2023-2024 оқу жылы (1 оқушы)** |
| 1. Серік Ғазиз Жасыбайұлы 01.09.2021-25.05.2022<br><br>2. Досов Ислам Канатович 01.09.2021-25.05.2022<br><br>3. Акмолдин Ерқанат Байдүйсенұлы 01.09.2021-25.05.2022 | 1. Серік Ғазиз Жасыбайұлы 01.09.2022-30.05.2023 | 1. Серік Ғазиз Жасыбайұлы 01.09.2023-25.05.2024 |

Бұл білім алушыларға «Kundelik.kz» жүйесінде оқу үлгерімі есепке алынатын электронды журнал ашылды.

**2021-2022 оқу жылы**
**Үйде оқыту процесі**

Оқу жылында 1-сыныпта 1 оқушы, 8-сыныпта 1 оқушы, 9-сыныпта 1 оқушы, барлығы 3 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша үйде жеке тегін оқытылды.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

2021-2022 оқу жылында жылында 1-сыныпта 1 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу бағдарламасымен оқытылды.
«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 4 -қосымша 10- тарауымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі – 6 сағат, танымдық әрекеттерді түзету - 2 сағат.

ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген /өзгертулер мен толықтырулар 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы/ Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің типтік оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

2021-2022 оқу жылында жылында 8-сыныпта 1 оқушы, 9-сыныпта 1 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жалпы орта білім берудің

оқу бағдарламасымен оқу мақсаттарын қысқарту арқылы оқытылды.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізгі орта білім берудің 55-қосымшасымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 8-сыныпта 18 сағатты, 9-сыныпта 19 сағатты құрады.

2021-2022 оқу жылында 6-сыныпта 1 оқушы инклюзивті білім беру аясында жалпы сыныпта жалпы орта білім беру оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқыту процесі дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасымен жеңіл оқу мақсаттарын қамту арқылы ұйымдастырылды.

**2022-2023 оқу жылы**
**Үйде оқыту процесі**
**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

2022-2023 оқу жылында жылында 2-сыныпта 1 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу бағдарламасымен оқытылды.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125-бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 4 -қосымша 10- тарауымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі – 6 сағат, танымдық әрекеттерді түзету - 2 сағат.

ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген /өзгертулер мен толықтырулар 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы/ Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің типтік оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында 7-сыныпта 1 оқушы инклюзивті білім беру аясында жалпы сыныпта жалпы орта білім беру оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқыту процесі дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасымен жеңіл оқу мақсаттарын қамту арқылы ұйымдастырылды.

**2023-2024 оқу жылы**
**Үйде оқыту процесі**
**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

Оқу жылында жылында 3-сыныпта 1 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу бағдарламасымен оқытылды.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125-бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 4 -қосымша 10- тарауымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды. Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі – 6 сағат, танымдық әрекеттерді түзету - 2 сағат.

ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген /өзгертулер мен толықтырулар 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы/ Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің типтік оқу бағдарламасы

басшылыққа алынды.

2023-2024 оқу жылында 8-сыныпта 1 оқушы инклюзивті білім беру аясында жалпы сыныпта жалпы орта білім беру оқу бағдарламасымен оқытылды. Оқыту процесі дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасымен жеңіл оқу мақсаттарын қамту арқылы ұйымдастырылды.

Жоғарыда көрсетілген сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығында инклюзия бойынша біліктілік курстарынан өткендігі туралы сертификаттары бар.

### 4.6. ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

**2021-2022 оқу жылы**

**Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі келесі тізімде берілді:**

**1) Бастауыш білім беру:** 2-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерінің дамуына бағытталып, математикалық сауаттылықтарын, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіру мақсатында 2-сыныпта «Қызықты математика», 3-сыныпта «Математика әлемі» және тілдік дағдыларын дамыту мақсатында 4-сыныпта «Қызықты грамматика» курсына аптасына 1 сағат берілді.

**2) Негізгі орта білім беру:** 5-9 сыныптарда Вариативті компоненттен "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы аясында келесі тізімде көрсетілген курстарға аптасына 1 сағаттан бөлінді:

- ✓ адамгершілік тәрбие беру, оқушылардың моральдық-этикалық білімдерін жетілдіру мақсатында «Парасаттылқ және әдеп» курсы 5- сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ экологиялық сауаттылықты дамыту мақсатында «Экология» - 6- сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ білім алушыларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлері, толеранттылығы мен мейірбандығы негізінде тәрбиелеу, өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, қарым-қатынастың этикалық нормалары негізінде тұлғааралық мәдениет қалыптастыру мақсатында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсы 7-сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ білім алушылардың бойында медиасауаттылық негіздері бойынша теориялық білім базасын, іс-әрекеттің практикалық дағдыларын қалыптастыру және ақпаратпен тиімді әрі қауіпсіз жұмыс жасауға үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» курсы 8- сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында 9-сыныпта "Зайырлылық және дінтану негіздері" факультативтік курсын оқуға аптасына 1 сағат бөлінді.

Элективті курстар келесі тізімде берілді:

- ✓ матемтатикалық сауаттылықтарын арттыру мақсатында «Математика әлемінде» 5-сыныпта, «Теңдеулер мен теңсіздіктер» 6-сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ «Биология сабақтарында кездесетін терминдердің ағылшынша айтылуы» 7-сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ Химия есептерінің шешу жолдарын үйрету мақсатында «Химиялық есептер әлемінде» 8-сыныпта аптасына 1 сағат;
- ✓ «Физика және радиотехника 9-сыныпта аптасына 1 сағат бөлінді.

**3) Жалпы орта білім:**

10 сыныптың вариативті бөлігі келесі пәндер тізімімен берілді:

**Элективті курстардан:**

- ✓ оқушылар бойында ұлтжандылық пен әлеуметтік сезімді дамыту, азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Жас сарбаз» курсы –аптасына 1 сағат;
- ✓ функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында «Математикалық сауаттылық» - аптасына 1 сағат

- ✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Қазақстанда кездесетін химиялық элементтер» - аптасына 1 сағат;
- ✓ Сонымен қатар вариативті бөлігінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аясында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» - аптасына 1 сағат берілді.

11-сыныптың инварианттық бөлігінен келесі таңдау бойынша курстар мен факультативтер енгізілді:

- ✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика есептері» - аптасына 1 сағат;
- ✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Генетикалық есептерді шығару» - аптасына 1 сағат;
- ✓ Функционалдық сауаттылығын жетілдіру мақсатында «Химиялық сандық есептерді шығару» курсы аптасына 1 сағат;
- ✓ оқушылардың қоғамдық сауаттылығын қалыптастырып, дамыту мақсатында «Әлем өркениеттерінің тарихы» - аптасына 1 сағат;

Элективті курстар келесі тізімде берілді:

- ✓ функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында « Математикалық сауаттылық» - аптасына 2 сағат;
- ✓ жаратылыстану сауаттылығын жетілдіру мақсатында «Елтану» курсы аптасына 1 сағат;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстау мақсатында «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» курсынан «Стол теннисі» аптасына 1 сағат.

**2022-2023 оқу жылы**

**Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі келесі тізімде берілді.**

1. **Бастауыш білім беру:** 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі оқушылардың математикалық сауаттылықтарын, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математика және логика» курсына аптасына 1 сағаттан берілді.
2. **Негізгі орта білім беру:** 5-8 сыныптарда Вариативті компоненттен "Жаһандық құзыреттіліктер" курсына аптасына – 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат берілді.
3. **Жалпы орта білім:**

10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсына 1 сағат берілді.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

10 сыныптың элекитивті курстар бөлігі келесі тізімде берілді:

✓ оқушылар бойында ұлтжандылық пен әлеуметтік сезімді дамыту, азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Жас сарбаз» курсы аптасына 1 сағат;

математикалық сауаттылықтарын жетілдіру мақсатында «Математикалық сауаттылық» курсы - 1 сағат.

11 сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» бір юнит жатады.

11 сыныптың элективті курстар бөлігі келесі пәндер тізімімен берілді:

- ✓ функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында «Химиядан сандық есептерді шығару» курсы - 1 сағат;
- ✓ Ұлттық бірыңғай тестілеуге әзірлік аясында «Ұлт азаттық көтерілістер тарихы» аптасына 1 сағат.

**2023-2024 оқу жылы**

1. **Бастауыш білім беру:**

Қазақ тілінде оқитын 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі келесі тізімде берілді:

- ✓ оқушылардың математикалық қабілеттерін оятып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында 1, 2, 3, 4-сыныптарда «Математика және логика» курсы, 1 сағаттан;
- ✓ оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында 2-сыныпта «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» аптасына 1 сағат берілді.

2. **Негізгі орта білім беру:** 5-8 сыныптарда Вариативті компоненттен "Жаһандық құзыреттіліктер" курсына аптасына – 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат берілді.

3. **Жалпы орта білім беру:**

10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсына 1 сағат берілді.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

10 сыныптың элекитивті курстар бөлігі келесі тізімде берілді:

✓ оқушылар бойында ұлтжандылық пен әлеуметтік сезімді дамыту, азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Жас сарбаз» курсы аптасына 1 сағат;

✓ функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында «Электр құбылыстары мен болашақтың энергиясы» аптасына 1 сағат.

11 сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» бір юнит жатады.

11 сыныптың элективті курстар бөлігі келесі пәндер тізімімен берілді:

- ✓ математикалық сауаттылықтарын арттыруда «Математикалық сауаттылық аптасына 1 сағат;
- ✓ функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында «Физика есептері мен шешу жолдары» аптасына 1 сағат.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.**

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру:**

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаалрын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда 15 сағатты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырылды.

**«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру:**

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске

асырылды. 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді.

## V БӨЛІМ. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

**Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):** Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қ.Сәтбаев ауылы, Құрылыс 10/1 көшесінде орналасқан. Ғимарат қабырғаларының материалдары кірпіш, типтік үлгідегі ғимарат 1972 жылы 170 оқушыға арналып салынған. Екі қабатты. Жалпы алаңы-1862,1. Ғимараттың ауқымы-12729,6. Құрылыс ауданы – 1414,4. Оқыту тілі – қазақ тілінде, жұмыс реті - 2 ауысымда оқытылады.

Мектепке 2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде мектептің ішкі, сыртқы есіктер, терезелер ауыстырылды. 2020 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарымен әжетханаға жөндеу жүргізілді. 2023 жылы «Ақбота» шағын орталығына» ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Арнайы мүмкінділігі шектеулі жандарға пантус қамтамасыз етілді. Ұлдарға, қыз балаларға арналған ішкі жылы дәретханалар жылы сумен (титан арқылы жылытылады). Мектептің сынып бөлмелері, оқу кабинеттері құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы 16 бейнебақылау камерлары жаңартылды. Оның 7 бейнебақылау камерасы сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрса, 20 бейнебақылау камерасы ішкі мектеп дәліздерін, асхананы, мектеп ауласын бақылап отырады. Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. 2022 жылы мектеп ғимаратының сырты фасад жасалса, қоршауы толық жаңартылды, мектеп ауласына брусчатка төселді. Сынып бөлмелері, зертханалар, информатика сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған. Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

**Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үйжайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):**

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: жоқ. Сыныптар оқушылардың бойына сай жиһазбен, қажетті жарықтандырумен, сантехникалық жабдықтармен, стендтер, шкафтармен жабдықталған, су ішу режимі ұйымдастырылған.

Мектепте физика, биология, орыс тілі, химия оқу кабинеттері құрал-жабдықтармен жабдықталған. Бастауыш сынып, қазақ тілі, информатика, химия, биология кабинеттерінің мұғалімдерінде компьютері бар, электронды журнал жүргізілуде. 6 кабинеттерде (бастауыш сынып, қазақ тілі, информатика, орыс тілі, химия, биология) интерактивті тақталар, панель және мультимедиялық тақтамен жабдықталған. Спорттық және акт залдарында қажетті инвентарь мен құралдар бар. Әкімшілік кеңселерде компьютерлер мен

қайталанатын жабдықтар бар. Оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепке кіруді бақылау қызметі «Қасқыр күзет» ЖШС ұйымдастырылған, дабыл түймесі бар консоль, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған.

**Медициналық көмек көрсету.** Медициналық және ем қабылдау бөлмелері талапқа сай барлық қажетті жиһаздармен және медициналық құралдармен жабдықталған. Медициналық көмекті білікті медбике көрсетеді.

**Спорттық құралдармен қамтамасыз етілуі.** Мектепте спортпен шұғылдануға арналған орындар ұйымдастырылған, бағдарламаларға сәйкес дене шынықтыру сабақтары мен секциялық сабақтарды өткізуге арналған спорттық инвентарь мен құрал - жабдықтардың саны жеткілікті: 1 спорт залы бар.

**Білім беру бағдарламаларын ресурстық қолдау**. Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін мекемеде ақпараттық ортаның болуын, мектептің оқу және көрнекі құралдармен жабдықталуын, компьютерлік техниканы, бағдарламалық қамтамасыз етуді, жергілікті желі мен ғаламдық жүйені қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасты. Мектеп Интернетке қосылған. «Казахтелеком» ЖШС -мен 10 Мбит / с жылдамдықпен интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалды.

Мектеп кіреберісінде кезекші сыныптың әкімшісі мен сынып жетекшісі күн сайын кезекшілік етеді. Мектеп ғимараты полицияны жедел шақыру үшін дүрбелең түймесімен, сондай -ақ өрт сигнализациясымен жабдықталған. Мектеп ғимаратына кіру бейнебақылау камераларымен басқарылады. Мектепте 7 сыртқы және 20 ішкі бақылау камералары бар Мектептің бейнебақылау жүйесі келесі аудандарды тиімді визуалды бақылауды қамтамасыз ететін етіп салынған:

- мектеп аумағының сыртқы периметрі;
- ғимараттың барлық кіреберістері;
- залдар, баспалдақтар мен дәліздер;
- асхана, спорт залы;
- ашық балалар мен спорт алаңдары.

Бөгде адамдардың келу және кету уақытын тіркеумен оқушылардың сабаққа қатысуын жеке тіркеуді орнатуға мүмкіндік береді. Мектеп ғимаратының өрт сигнализациясында түтін мен жылу детекторлары қолданылады. Білім беру мекемесі дауыс зорайтқыш байланысымен және «102» пультіне тікелей келетін сигналмен автоматтандырылған, сондай-ақ барлық өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Мектеп терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін нормативтік құжаттармен жүйелі түрде жұмыс жасайды, білім беру мекемесінің қауіпсіздік паспорты, мәдени іс-шаралар ұзақтығының қауіпсіздік жоспарлары, апатты жағдайда ғимараттардан эвакуациялау жоспарлары әзірленді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы. Барлық оқу кабинеттері саны – 14

**1 қабатта**:

№ 1 Бастауыш сынып – 48 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар, мультимидиялық тақтамен жабдықталған;

№ 2 Даярлық топ – 48 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар;

№ 3 Физика кабинеті зертханасымен– 81м кв, 2023 жылы кабинет жиһаздары мен зертхана құрал-жабдықтары алынған жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№ 4 Шеберхана кабинеті (ұлдар)– 84 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар;

Спорт зал –ауданы шаршы метр қыздарға, ұлдарға бөлек шешінетін бөлмелер, оқытушылар бөлмесі, спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол сеткалары-2, волейбол добы-4, футбол добы-5, баскетбол доптары-6,

тоғызқұмалақ – 3 дана, шашка-шахмат - 5 дана, үстел теннисі- 1 дана, ракетка-4 дана, сетка-1 дана, теннис шары - 5 дана, гимнастикалық дөңгелек -4 дана, скакалка- 15 дана, төсеніш (мат)-25дана,шаңғы-15дана, коньки-15дана.

Мәжіліс залы ауданы 96,0 шаршы метр. 40 көрермендік креслолар орналастырылған.

Асхана 36,0 шаршы метр, ас үй ауданы 21,6 шаршы метр, 40 орынға шақталған.

**2 қабатта**:

№ 5 Қазақ тілі кабинеті – 48,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, интерактивті тақта, шкафтармен компьютермен қамтамасыз етілді.

№ 6 АӘД кабинеті – 48,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, әскери стендтермен кестелармен қамтылған.

№ 7 Математика кабинеті – 48,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар; мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді

№ 8 Информатика және роботехника кабинеті –48,6 м кв: жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталары мен орындықтары, мұғалім үстелі мен орындығы,шкафтар, интернет желісіне қосылған 16 оқушыға компьютермен қамтамасыз етілді;

№ 9 Еңбек кабинеті (қыздар)– 18 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар;

№ 10 Орыс тілі кабинеті – 48,6 м кв, 2023 жылы кабинет жиһаздары жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар алынды; панель, шкафтармен қамтылған.

№ 11 Химия кабинеті зертханасымен– 48,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді. 2021 жылы кабинет жиһаздары мен зертхана құрал-жабдықтары алынған интерактивті тақта, шкафтармен интернет желісіне қосылған компьютермен қамтылған.

№ 12 Биология кабинеті зертханасымен – 48,6 шаршы метр 2014 жылы кабинет жиһаздары мен зертханалық құрал-жабдықтар алынған оқушы парталары мен орындықтары,мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар, видеопраектор және интернет желісіне қосылған компьютермен қамтамасыз етілді.

№ 13 Тарих кабинеті – 48,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№ 14 Ағылшын тілі кабинеті – 27, м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар;

Кітапхана бөлмесі ауданы 36 м кв, оқушы парталары мен орындықтар, мұғалім үстелімен орындығы, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, кестелармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған. Интернет желісіне қосылған компьютер қамтамасыз етілді.

Кітапханада кітап қоры- 5126 дана,оның ішінде жаңа буын оқулықтары-1515 дана, оқырмандар саны-1242, көркем әдебиет саны-3008 дана,электронды оқулықтар саны-149 дана. Оқушыларға бос уақыттарында кітап оқуға жағдай жасалған. Жаңадан шыққан әдеби кітаптардың көрмесі бар.

**«Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** медициналық кабинет жұмыс істейді. Кабинетке лицензиия нөмірі №18021975 лицензия берілген күні 06.12.2018 жылы. Медкабинетте алғашқы медициналық-санитарлық, жедел және шұғыл медициналық көмектер көрсетіледі, профилактикалық егу шараларын жүзеге асырылады. Медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады. Қабылдау бөлмесі, егу бөлмесі. Қабылдау бөлмесінде 2-стол, 1 шкаф, 2 орындық, тонометр-1, бой өлшеуіш-2,салмақ таразысы-1. Егу бөлмесінде: тоңазытқыш-1, шкаф-1, градусник-20, кушетка-1, амбу мешогы-1, АШ және алғашқы көмек жинағы бар. Медбикелік қызмет мектепте 14 жылдан бері жүзеге асырылады, 5 жылдық сертификаты бар және егу шараларына рұқсат анықтамасы бар. Оқушылар жарақат алған кезде дереу ата-аналарына ескертіліп, жедел жәрдем шақырылады.

Жылдың басында жоспарлы жылды қ жоспар жасалынады (флюорография т.б).

15 жастан бастап оқушылар флюорография өтеді. Мектепте жылына профилактикалық скринингтік тексеріс болып тұрады. Тексеріс барысында қандай да бір патология анықталған жағдайда, әрі қарай емханаға емделуге жолданады.

## VI БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

**2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарына кітапхана қызметінің талдауы**

Шадыра жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасы оқу ғимаратының екінші қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы: 36 ш.м. құрайды. Абонемент пен оқу залының ауданы 36 ш.м. Оқу залы 6 орын және ғаламторға қосылған 1 компьютермен жабдықталған. Абономент залында – 793 көркем шығармалар алфавиттік жүйемен орналастырылған және әр ғылым саласы бойынша: сөздіктер, ұстаздарға арналған бұрыш, ертегілер, мерейтой иелері, жаңа кітаптар, заманауи кітаптар бұрыштарымен, брошюралар, газет- журналдермен жабдықталған. Бір жыл ішіндегі тұрақты көрмелер «Салт-дәстүр асыл қазына», «Абайды білу парыз ойлы жасқа», «Бір ел-бір кітап», «Тұғыры биік Тәуелсіздік», «Тарихы терең тамыр Баянаула». Оқулықтар қорына арналған кітап қоймасында 3 сөрелерде оқулықтар сыныптар бойынша орналастырылған. Кітапхананың ұйымдастырып өткізген іс-шаралары, бейнероликтер, оқырман конференциялары, әдебитанымдық кездесулер, «буккроссинг», облыстық «Бір отбасы –бір кітап», Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясы аясындағы жұмыстар мектеп сайтына жүктеледі. Арнайы "Оқуға құштар мектеп" жобасы, «Instagram», Facebook» әлеуметтік желілерге ақпараттар уақытында жарияланады..

Мектеп кітапханасы Қазакстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2016 жылдың 19 қантардағы «Мемлекеттік кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» №44 бұйрығымен бекітілген бұйрығына сай өз жұмысын атқарады. Кітапхананың қызметі бірыңғай ережелерін құру, құжаттарын сақтау, жинақтау, ескірген басылымдар мен оқу әдебиеттерін есептен шығару, оқырмандарға қызмет көрсету ережелерін ұйымдастыру белгілі бір талап пен ереже бойынша жүргізіледі. Ал жаңа оқу әдебиеттерін қабылдау ілеспе құжаттар бойынша жүзеге асады. Кітапхананың басты мақсаты - оқу процесін ақпараттық ресурстарымен қамтамасыз ету. Кітапхананың басты міндеті - оқырмандарға жедел және сапалы қызмет көрсету, қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік, ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету. Жыл сайын кітапхана өз қорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан толықтырады.

**Мектеп кітапханасының негізгі бақылау көрсеткіштері**

| № | Көрсеткіштер атауы | 2021-2022 оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқушылар | 116 | 108 | 106 |
| 2 | Мұғалімдер | 39 | 35 | 33 |
| 3 | Кітап қоры | 5503 | 5115 | 5126 |
| 4 | Бір оқушыға есептегенде оқулық оку- әдістемелік әдебиеттер | 20 | 20 | 20 |
| 5 | Кітап берілуі | 1654 | 1556 | 1155 |
| 6 | Кітапханаға келу саны | 1251 | 1248 | 1242 |

Кітапханада оқырмандарды есепке алу, оқушыларға кітап тарату, формулярларды толтыру секілді жұмыстар атқарылуда.

Бүгінгі таңда 104 оқушы, және 33 мұғалім, оқулықтарымен оқу - әдістемелік

кешендермен қамтамасыз етілген. Кітапхана қорының сапасы, оқушылардың дайындық бейініне сәйкестігі, сонымен қатар кітапхана қорына байланысты. Бұл бағытта үлкен жұмыстар атқарылуда. Қор жыл сайын ескірген көп даналы оқу әдебиеттерінен босатылады.

Кітапхана қоры баспасөз басылымдарымен жүйелі түрде толықтырылып тұрады. Негізінен бұл қазақ және орыс тіліндеріндегі, жергілікті және республикалық маңызы бар газеттер,білім саласына арналған басылымдар, 2024 жылдың бірінші және екінші жарты жылдығында мерзімді баспаға жазылуға 116000 теңге бөлінді.

**Кітап қорының көрсеткіштері**

| Оқу жылы | Кітапхананың кітап қоры | Оның ішінде оқулық саны | Көркем әдебиеттер | Пән мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік кешендер, брошюралар, газет-журналдар | Электронды оқулықтар |
|---|---|---|---|---|---|
| **2021-2022** | 5503 | 1820 | 3069 | 465 | 149 |
| **2022-2023** | 5115 | 1514 | 2987 | 465 | 149 |
| **2023-2024** | 5126 | 1515 | 3008 | 454 | 149 |

# VII БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

## 7.1. 9, 11--сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау. Мемлекеттік емтихандар нәтижесі бойынша салыстырмалы кестелер

**2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылында 9-сыныпта жалпы 14 білім алушы. Негізгі орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттауға 13 оқушы қатысты. 2022 жылдың 26 сәуіріндегі №5 педагогикалық кеңес хаттамысының қаулысы негізінде үйде оқыту бойынша білім алушы, мүгедектігі туралы анықтамасы бар /11.09.2014. №1186056/ 9 – сынып оқушысы Садыков Ерқанаттың денсаулық жағдайына байланысты мемлекеттік емтихандардан босату туралы Баянауыл ауданы білім беру бөліміне қолдаухат жолданды. Павлодар облысының білім беру басқармасының 2022 жылғы 24 мамырдағы «Оқушыларды қорытынды аттестаттаудан босату туралы» №2-02/277 бұйрығы негізінде Садыков Ерқанат мемлекеттік емтиханнан босатылып, ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 50-тармағына сәйкес негізгі орта білім туралы аттестат жылдық бағасы негізінде берілді.

11-сыныпта жалпы 8 оқушы. Жалпы орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттауға 8 білім алушы қатысты.

**9-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы.**
**Мемлекеттік емтихандар пәндерінің білім сапасы көрсеткіштері:**

**1.Алгебра**

| Сынып | Барлық оқушы саны | Емтиханға қатысқаны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 14 | 13 | 4 | 0 | 9 | 0 | 100% | 30,7% |

1. **Қазақ тілі.**

| Сынып | Барлық оқушы саны | Емтиханға қатысқаны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 14 | 13 | 4 | 8 | 1 | 0 | 100% | 92% |

2. **Орыс тілі мен әдебиеті**

| Сынып | Барлық оқушы саны | Емтиханға қатысқаны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 14 | 13 | 6 | 6 | 1 | 0 | 100% | 92% |

3. **Таңдау пән. Қазақстан тарихы**

| Сынып | Барлық оқушы саны | Емтиханға қатысқаны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерімі | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **9** | 14 | 13 | 4 | 6 | 3 | 0 | 100% | 76,9% |

2021-2022 оқу жылында 9- сынып оқушылары Шегендык Арсен мен Сулеева Назар негізгі орта білім курсы бойынша үздік аттестат иегерлері болды.

**11-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы. Мемлекеттік емтихандар пәндерінің білім сапасы көрсеткіштері**

1. **Алгебра және анализ негіздері**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 8 | 1 | 7 | 0 | 0 | 100% | 100% |

2. **Қазақ тілі**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | **Үлгерім** | **Сапа** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 8 | 8 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |

1. **Орыс тілі мен әдебиеті**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 8 | 6 | 2 | 0 | 0 | 100% | 100% |

**4. Қазақстан тарихы**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 8 | 4 | 4 | 0 | 0 | 100% | 100% |

**5.Таңдау пән**

| Жалпы оқушы саны | Таңдау пәндер | Емтихан тапсырған оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерімі | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Физика | 2 | 0 | 2 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Биология | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Қазақ әдебиеті | 4 | 4 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |

2021-2022 оқу жылында 11-сынып оқушысы Касым Айзере Бейбутқызы жалпы орта білім курсы бойынша «Алтын белгі» иегері атанды.

**2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында 9-сыныпта оқу жылының басында 10 оқушы болды. I тоқсанда 08.09.2022 Досов Ислам және II тоқсанда 09.12.2022 Ақатай Ерәлі басқа мектепке ауысты. Оқу жылының соңында жалпы 8 оқушы болды. Негізгі орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттауға 8 оқушы қатысты.

11-сыныпта 11 білім алушы. Жалпы орта білім беру курсы бойынша қорытынды аттестаттауға 11 оқушы қатысты.

**9-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы Мемлекеттік емтихандар пәндерінің білім сапасы көрсеткіштері**

**1.Алгебра**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 8 | 2 | 4 | 2 | 0 | 100% | 75% |

**2. Қазақ тілі**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 8 | 1 | 6 | 1 | 0 | 100% | 87,5% |

**3. Орыс тілі мен әдебиеті**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 8 | 0 | 6 | 2 | 0 | 100% | 75% |

**4. Таңдау пән. Қазақстан тарихы**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 8 | 2 | 6 | 0 | 0 | 100% | 100% |

**11-сынып оқушыларының мемлекеттік аттестаттау қорытындысы. Мемлекеттік емтихандар пәндерінің білім сапасы көрсеткіштері**

**1. Алгебра және анализ бастамалары**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 11 | 2 | 7 | 2 | 0 | 100% | 81,8% |

**2. Қазақ тілі**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 11 | 8 | 2 | 0 | 0 | 100% | 90% |

3. **Орыс тілі мен әдебиеті**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 11 | 7 | 3 | 1 | 0 | 100% | 90% |

4. **Қазақстан тарихы**

| Сынып | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 11 | 6 | 4 | 1 | 0 | 100% | 90% |

5. **Таңдау пәндер**

| Сынып Жалпы оқушы саны | Пән атауы | Емтихан тапсырған оқушы саны | «5» | «4» | «3» | «2» | Үлгерім | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11<br>11 оқушы | Биология | 2 | 0 | 2 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | География | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Физика | 1 | 0 | 1 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Информатика | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Ағылшын тілі | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 100% | 100% |
| | Қазақ әдебиеті | 2 | 1 | 1 | 0 | 0 | 100% | 100% |

2022-2023 оқу жылында 11- сынып оқушылары Олжатай Ақерке Қанағатқызы мен Болат Данияр Мұратұлы жалпы орта білім курсы бойынша «Алтын белгі» иегерлері.

**«Үздік аттестат» иегерлері**

| **Оқу жылдары** | **2021-2022 оқу жылы** | **2022-2023 оқу жылы** |
|---|---|---|
| Үздік аттестат (9 сынып) | 2 | 0 |

**«Алтын белгі» иегерлері**

| **Оқу жылдары** | **2021-2022 оқу жылы** | **2022-2023 оқу жылы** |
|---|---|---|
| «Алтын белгі» (11 сынып) | 1 | 2 |

Түлектердің 100%-ы мемлекеттік орта жалпы білім беру стандартын ойдағыдай игеріп, негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алды.

Мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1. 11-сынып түлектері жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыру үшін қажетті оқу профилін саналы түрде таңдады.
2. 11-сыныпта оқуға деген мотивация, жоғары білімге деген қажеттілік, өзінің өмірлік ұстанымын байқауға болады.
3. 9-сынып оқушыларының емтихан нәтижелеріарқасында балалардың оқуға бейімділігін және олардың әрі қарай оқуды жалғастыруға дайындық деңгейін сипаттайды.
4. Оқушылар таңдаған бейінді және деңгейде оқыту стандарттарын меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша педагогикалық ұжымға жүктелген міндет орындалды.

**7.2 . Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.**

«Орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы басшылыққа алынып білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барлық сыныптардағы формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілді және оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек екендігі және оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайтындығы ескерілді.

# VIII БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау.**

**Талдау нәтижелері:**

4,9 сыныптың ата-аналары мен білім алушылар және педагогтар сауалнамаға қатысып, білім беру қызметтеріне өлшем шартқа сәйкес төмендегідей пайызбен қанағаттану деңгейі анықталды.

Педагогтар – 97 %

Оқушылар – 85 %

Ата-аналар–83%

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талапқа сәйкес келеді.

# IX БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Мектептің өзін-өзі бағалауы келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:**

-Білім сапасын арттыру мақсатында жас мамандармен жасалатын жұмыстарды, білім сапасы төмен сыныптармен жасалатын жұмыстарды жүйелеу;

- Мектепішілік бақылау жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралардың қорытынды талдауын жасап, жұмыс жоспарын жүйелеу;

-Дарынды білім алушылармен жұмыс барысын жандандырып, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға ынталандырып, қатыстыру;

-Мектептің материалды-техникалық базасын жетілдіру;

-Ғылыми-әдістемелік инновациялық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатыстыруды жалғастыру

## X БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

1. Бағалауды тиімді жүзеге асыру бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру.
2. Бастауыш сыныптарда оқушы бағасын көтермелеуге жол бермеу, бағалауды талаптқа сәйкес жүзеге асыру;
3. Оқушы біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстарды жалғастыру;
4. Білім сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды жоспарлау.
5. Оқушылар мен мұғалімдердің қалалық байқаулар мен сайыстарға қатысу деңгейін көтеру.
6. Сабақта СБР қолдану бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру.
7. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.
8. Білім сапасы төмен сыныптардан әкімшілік бақылау жұмысын алу.